

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ № ____.

Қарағанды қ.

« 22 » 02 2024 ж.

Қарағанды қаласының білім бөлімінің «№66 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, бұдан әрі ««№66 мектеп-лицейі», директоры Мисюрина Наталья Михайловна, Жарғы негізінде әрекет ететін, бір жағынан «Қарағанды облыстық жоғары мейіргерлік колледжі» КМК, бұдан әрі «Қолледж» директоры Абдигулов Саттар Маратович, екінші жағынан, Жарғы негізінде әрекет ететін, бұдан әрі «Тараптар» деп аталатын ынтымақтастық туралы келісім келесі шарттар бойынша жасалды:

1. Шарттың мәні

1.1. Осы келісімнің мәні «№66 мектеп-лицейі», КМК «Қарағанды облыстық жоғары мейіргерлік колледжі» мен «Кәсіби бағдар» түсінігі мамандық таңдауда негізгі бағытты көрсетеді.

1.2. Мектеп пен колледж арасындағы ынтымақтастықтың негізгі міндеттері келесі мәселелер бойынша ұзақ мерзімді қатынастар орнату болып табылады:

-мектеп оқушыларын медицина мамандығына кәсіби бағдарлай отырып, дәрігер мамандығына деген қызығушылығын арттыру;

-қызығушылығы икемділігі, ынтасы, таңдаған мамандығы сонымен қатар қоғамның жалпы қажетті мамандықтағы кадрларға сұранысын қанағаттандыру;

-«Медицинаға қадам» кәсіби биіндік жобасы аясында құрылған «Медициналық сынып» әлеуметтік-педагогикалық жобасы аясында оқушылардың белсенді түрде өздерінің ізденуін қалыптастыру;

-оқушылар күшін еңбектік және кәсіптік дайындау процесінде практикалық сынау, медицина саласында жұмыс істейтін ата-аналар кеңесі және олардың кәсіптік тәжірибесімен танысу, әдебиеттерді (қызығып отырған мамандығы бойынша) іздену және оқу;

-мамандық таңдаудағы еңбек іс-әрекетіндегі тек өзінің ғана қызығуын емес қоғамға пайда келтіруде қанағаттандыратын ұмтылыста айқын көрінеді

-ғылыми және практикалық конференцияларды, семинарларды, экскурсияларды, доңгелек үстелдер ұйымдастыру, Тараптар арасында тұрақты серіктестік орнату.

2. Ынтымақтастықтың негізгі бағыттары

Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін тараптар келесі бағыттар мен нысандарда ынтымақтастық орнатуға ниетті:

2.1 Жобаны іске асыру бойынша әдістемелік-нұсқаулықпен қамтамасыз ету;

2.2 Жобаға қатысушылардың медициналық білім беру ұйымдарымен ынтымақтастық моделін және өзара іс-қимыл тетіктерін құру;

2.3 Жобалық әрекет кезіндегі экскурсиялық сабақтар мен кездесулер ұйымдастыру;

2.4 Кәсіби бағдар бере отырып білім алушылардың медициналық дағдысын қалыптастыру;

2.5 Жобаға қатысушы орта және жоғары сынып оқушыларын медицина саласымен тығыз байланысты зерттеу жұмыстарына қатыстыру;

2.6 Өзін жақсы жағынан көрсеткен түлектерді бос лауазым болған жағдайда жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу;

- 2.7 Осы жұмыс түріне қосымша келісімдерге сәйкес Тараптардың тапсырысы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- 2.8 Соңғы ғылыми жаңалықтарды, әлем тәжірибелерін зерделеу;
- 2.9 Ынтымақтастықтың бағыттары мен түрлерінің тізімі толық емес жағдайда Тараптардың келісімі бойынша кеңейтілуі және толықтырылулар енгізілуі мүмкін.
- 2.10 Мамандық таңдаудағы өзін тану процесіндегі тұлғаның іс-әрекеттің түрін сипаттайды.

3. Тараптардың міндеттері

- 3.1 Тараптар:
-ынтымақтастықтың бірлескен бағыттарын жүзеге асыруға, жекелеген келісімдерде және осы келісімді орындау үшін Тараптар қол қойған өзге де құжаттарда көзделген тәртіппен, мөлшерде және тәсілдермен жәрдемдесуге;
- тараптар құпия деп таныған ақпаратты жарияламауға;
- осы келісімді орындау барысында туындайтын проблемаларды қарастыруға.
- 3.2 Ынтымақтастықтың нақты жобалары мен шаралары, оларды жүзеге асырудың шарттарымен қосымша келісіледі, олар жеке келісімдер мен жоспарлар шеңберінде жасалады, оған Тараптар келіседі.
- 3.3 Осы келісімшарт Тараптардың қаржылық міндеттемелерін қарастырмайды. Ынтымақтастықты қаржылық қолдау мәселелерін келіссөздер және жеке келісімдерге қол қою арқылы шешеді.

4. Тараптардың жауапкершілігі

4.1 Осы Келісімге байланысты туындаған барлық дауларды, келіспеушіліктерді немесе талаптарды Тараптар келіссөздер арқылы шешеді.

5. Келісімшарттың қолданылу мерзімі, оны өзгерту және бұзу тәртібі

5.1 Келісім, бір жағынан, «Қарағанды облыстық жоғары мейіргерлік колледжі» КМК қол қойғаннан кейін, екінші жағынан «№66 мектеп-лицейі» КММ қол қойғаннан кейін күшіне енеді.

5.2 Келісім шарт 5 жылға жарамды.

«22» 02 2024 жылдан «22» 02 2029 жылға дейін.

6. Занды мекен-жайы және тараптардың қолдары:

Мектеп:
Қарағанды қаласының білім бөлімінің «№66 мектеп-лицейі»
Орналасқан мекен-жайы:
Қарағанды қ. Қарбышев көшесі 17

Тел. 87212350377
Директор  Н.М. Мисюрин



Колледж:
«Қарағанды облыстық жоғары мейіргерлік колледжі» КМК
Орналасқан мекен-жайы:
Қарағанды қаласы, Чкалова көшесі, 9 ғимарат
Тел. 8 (7212) 41-45-32
Директор _____ С.М. Абдигулов
М.О. _____